**«Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**№4 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:30.05.2024ж.** Өткізілген орны: «МТББО» МКҚК

**Күн тәртібінде:**
1. «Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК-ның директоры А.Б.Раеваның жылдық қорытынды есебі.
2. Қосымша сұрақтар.

**Қатысқандар:** 9 адам

**Сөз алды:**
Қамқоршылық кеңес хатшысы А.С.Оспанова қамқоршылық кеңесте қаралатын сұрақтармен таныстырды.

**Тыңдалды:**
Мектептен тыс білім беру орталығының директоры А.Б.Раеваның 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі тыңдалды. 2023-2024 оқу жылында жалпы 439 бала қамтылды. Үйірмеге қатысу тегін, 17 үйірме жұмыс жасады, оның ішінде 15 үйірме жетекші, жоғары білімді-14, арнаулы орта білімді-1, педагог-модератор-2, педагог-сарапшы-2, педагог-зерттеуші -3 біліктілігі бар мамандар жұмыс жасады .
Үйірме жетекшілерінің жылдық оқу бағдарламаларына сәйкес үйірме сабақтары өткізілді. Ата-аналармен тығыз байланыс жасалып, түрлі әдістерді қолдана отырып, ағарту жұмыстары ұйымдастырылды. Аудан көлемінде бірнеше байқаулар ұйымдастырылып, өткізілді. Білім алушылардың халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі қатысқан іс-шаралары мен жетістіктеріне тоқталып өтті. Білім алушылар, педагогтер және басқа қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында тренинг, сауалнамалар өткізіліп, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитарлық қағидалар мен нормалары туралы түсіндірме жұмыстары өткендігі туралы және белгіленген есептік құжаттамалар уақытылы жасалып тиісті салаларға тапсырылғандығын атап өтті.
Алдағы уақытта МТББО жанынан «Балдәурен» жазғы алаңы ашылуда, оған қала бойынша 6-13 жас аралығындағы білім алушылары тегін қатыса алады. Бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден-жұма аралығында сағат 9.00-12.00 өтетін болады.

**Кеңес мүшелері сұрақтар қойып, алдағы оқу жылына ұсыныстар жасады:**
1. Кеңес мүшесі-Г.Папова МТББО-да атқаратын педагогтердің біліктілігіне қойлатын талаптарына сәйкес біліктіліктерін арттыруды, қайта даярлауды және де педагогика-психология, тәрбие жұмыстарының әдістемесін арттыру мақсатында жұмыстануды ұсынды.

2. Қамқоршылық кеңесінің **төрайымы- Н.Амангалиева алдағы оқу** жылына цифрлық дамыту бойынша компьютерлік үйірмелерді іске асыруды және де жоғары сұранысқа ие үйірмелер ашуды жоспарға қоюды ұсынды.

**Шешім етті:**

1. 2024-2025 оқу жылына жетіспейтін кадрларға сұраныстар беру.
2. Іс-шаралар жоспарына білім алушылардың дене қабілеттерін дамытуға, жеке жалпы мәдениеттерін қалыптастыруға, қызығушылықтарын арттыру мақсатында түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларды қосып, ұйымдастыру.
3. Білім алушылардың оқу бағдарламаларының мазмұнына ғылыми-тәжірбиелік жобаларды енгізіп жасау.
4. «Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК-ның жыл бойы атқарылған жұмыстарына жақсы деген баға беріліп алдағы оқу жылына бірқатар тапсырмалар берілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Н.Амангалиева
Қамқоршылық кеңес хатшысы А.Оспанова





